

Ж.Т. Дәулетбекова^{1*} , Қ.М. Рай¹ ,А.К. Тазабек² , Б.Б. Сейітова³ ¹Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы, Қазақстан²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ «ТІРІ БІЛІМ» ІЛІМІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМ ТОҒЫСЫНДА

Мақалада Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясының Адам мен Ғалам байланысын танытудағы маңызы мен оның қазіргі білім беру үдерісіндегі танымдық-педагогикалық әлеуеті зерделенеді. Ақымет Байтұрсынұлы теориясындағы «мәніс білім» мен «әдіс білім» – рухани-интеллектуалдық дамудың өзекті ұғымдары. Осы ұғымдар негізінде білімнің өмірмен, адамның ішкі болмысымен және таным табиғатымен тығыз байланысы айқындалып, оларды қазіргі ғылыми парадигмалармен сабақтастыру қажеттігі туындайды. С. Хокинг, Р. Фейнман, Е. Франк секілді ғалымдардың астрофизика, нейробиология, кванттық физика әлеміндегі жаңалықтарының түпкі негіздері мен Ақымет Байтұрсынұлы негіздеген теориялық концепцияның ортақ байламдары түсіндіріледі. Осы теорияларға сүйене отырып, бүгінгі білім беру жүйесінде, оның ішінде қазақ тілін оқыту үдерісіндегі Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясын жүзеге асыру жолдары талдауға алынды. Одан кейінгі мәселелер әлем ғалымдарының «Тірі білім» теориясына қатысты тұжырымдарымен байланысты сөз етіледі. Абай мен әл-Фараби қағидалары «Ілім – Ғылым – Білім» сабақтастығында қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – «Тірі білім» теориясының мазмұнын қазіргі заманғы ғылыми парадигмалар аясында қайта пайымдау және оның адам мен ғалам арасындағы танымдық тұтастықты негіздейтін гносеологиялық әлеуетін анықтау. Содай-ақ қазіргі білім беру жүйесінде, әсіресе қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуда тиімді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін ұсыну. Зерттеу нәтижесінде Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімі – тек өткеннің мұрасы емес, қазіргі заман білімінің философиялық, психологиялық және әдістемелік тұғырын айқындайтын концептуалдық бағдар екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: білім жүйесі, «тірі білім» ілімі, заманауи ғылым, дүниетаным, «мәніс білім», «әдіс білім».

Zh.T. Dauletbekova^{1*}, K.M. Rai¹, A.K. Tazabek², B.B. Seyitova³¹Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

Principles of the “Living Knowledge” Theory in Language Education: At the Intersection of National and Global Scholarship

This article explores the significance of Akhmet Baitursynuly's theory of “Living Knowledge” in the context of understanding the interconnectedness of the Human and the Universe, as well as its cognitive-pedagogical potential within the modern educational paradigm. The concepts of “essential knowledge” and “methodical knowledge,” introduced in the framework of this theory, represent key categories in the spiritual and intellectual development of the individual. Based on these concepts, the inseparable link between knowledge, life, human inner being, and the nature of cognition is revealed, underscoring the necessity of their integration with contemporary scientific paradigms. The theoretical foundations laid by Akhmet Baitursynuly are correlated with fundamental ideas from the fields of astrophysics, neurobiology, and quantum physics, as advanced by scholars such as S. Hawking, R. Feynman, and E. Frank. Building on this framework, the paper examines the practical implementation of Baitursynuly's theory within today's educational systems, particularly in the teaching of the Kazakh language as a mother tongue. It further addresses the views of international researchers regarding the concept of “Living Knowledge,” drawing connections to the philosophical ideas of Abai Kunanbayev and Al-

Farabi within the triadic model of "Teaching – Science – Knowledge." The primary aim of the study is to reconceptualize the content of the "Living Knowledge" theory in light of current scientific paradigms, while also identifying its epistemological potential for fostering a holistic understanding of the relationship between humans and the universe. Additionally, the paper proposes scientific and methodological foundations for effectively applying this theory in education, especially in teaching the Kazakh language as a native tongue. The study concludes that Akhmet Baitursynuly's "Living Knowledge" theory should not be viewed solely as a historical legacy, but rather as a conceptual framework that underpins the philosophical, psychological, and methodological foundations of modern education.

Key words: education system, "Living Knowledge" theory, modern science, worldview, "essential knowledge," "methodical knowledge".

Ж.Т. Даулетбекова^{1*}, К.М. Рай¹, А.К. Тазабек², Б.Б. Сейтова³

¹ Казахстанско-Британский технический университет, Алматы, Казахстан

² Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

³ Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

Принципы теории «Живого знания» в обучении языку: в контексте отечественной и мировой науки

В статье рассматривается значение теории «живого знания» Ахмета Байтурсынулы в контексте познания взаимосвязи Человека и Вселенной, а также её когнитивно-педагогический потенциал в современной образовательной парадигме. Понятия «сущностное знание» и «методическое знание», введённые в рамках данной теории, являются ключевыми категориями духовно-интеллектуального развития личности. На основе этих понятий выявляется неразрывная связь знания с жизнью, внутренним бытием человека и природой познания, что обуславливает необходимость их интеграции с современными научными парадигмами. Поясняются общие основания между теоретическими установками Ахмета Байтурсынулы и фундаментальными идеями таких учёных, как С. Хокинг, Р. Фейнман, Э. Франк, в области астрофизики, нейробиологии и квантовой физики. Исходя из этого, в работе рассматриваются пути реализации теории «живого знания» в современной системе образования, в частности в процессе преподавания казахского языка как родного. Далее анализируются положения зарубежных исследователей, рассматривающих феномен «живого знания», с привлечением философских концептов Абай Кунанбаева и Аль-Фараби в контексте триединства «Учение – Наука – Знание». Целью исследования является переосмысление содержания теории «живого знания» в русле современных научных парадигм, а также определение её гносеологического потенциала в формировании целостного познания взаимосвязи человека и вселенной. Кроме того, предлагаются научно-методические основы эффективного применения данной теории в образовательном процессе, особенно при преподавании казахского языка как родного. По результатам исследования обосновано, что теория «живого знания» Ахмета Байтурсынулы представляет собой не просто историческое наследие, а концептуальную установку, формирующую философские, психологические и методические основания современного образования.

Ключевые слова: система образования, теория «живого знания», современная наука, мировоззрение, «сущностное знание», «методическое знание».

Кіріспе

Ұлы ғалым Ақымет Байтұрсынұлының еңбегінде алғаш рет кездескен «Тірі білім» ілімінің мән-мағынасына бойлау Адам жаратылысының құпия сырлары мен таным үдерісінің арасындағы тығыз сабақтастықтың жолын түйсінуге бастайды. Бұл мәселеге түгелдей ден қойып зерттеу мүмкіндігі аз болғанмен, ойшылдың қай нәрсенің де ішкі иірімдеріне жылдам ене алатын байырқалы қабілеті мен таным қасиетінің, ой өзегін бірден көре алатын аңғарымпаздығы мен алғырлығының, өз пікір-пайымын соншалықты парасаттылықпен түйіндеп жеткізе білу шебер-

лігінің нәтижесінде жаңа ілімге негіз болатын аса маңызды тұғырлы идея тұжырымдалған. Ғалым адамзаттың өмірге келгендегі бүкіл миссиясын жинақтап, ол өмір сүретін ортаның талабын «тірлік шарасы» деп атаған да, сол тірлік шарасына мән дарытатын, адамның жасампаздық қасиетінің бастау көзі саналатын тірі білімді «мәніс білім» және «әдіс білім» деп екіге жіктеген (Байтұрсынұлы, 2013: 16). Әдеттегідей, әр термині өзі білдіретін ұғыммен қабысып кететін сияқты, бұл терминдер де адамның дамып, жетілу үдерісіндегі екі өзекті негіздің бірлігін дәл ашқан: *дүниені тану* мен танығанын өз тіршілігінің *қажетіне жұмсау* әрекетінің түпкі мақса-

ты мен сипатын дәл анықтаған. Соңғы жылдарға дейін поэтикалық пафос ретінде бағаланып келген АДАМ мен ҒАЛАМның біртұтастығы туралы пайымдаулар ХХІ ғасырдағы заманауи ғылыми ашылымдардың нәтижелерімен сәйкес келуде.

Зерттеудің мақсаты – антикалық дәуір ойшылдарының таным нысанына алынған ғалам мен адамның көзге көрінбейтін «күпия сырларының» заманауи ғылымдағы жаңа ашылымдармен сабақтастығын, отандық және әлемдік ғылымдағы «Тірі білім» іліміндегі ортақ арналарды пайымдау, оларды қазақ тілін оқыту үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін зерделеу.

Материалдар мен әдістер

Ақымет Байтұрсынұлы байламындағы жас ұрпаққа «тірі білім» беру идеясының өзегінде әрбір саналы ұрпақтың АДАМ болып қалыптасуы оның өзін осынау шексіз Жаратылыстың бір бөлшегі екенін сезінуіне байланысты деген ой жатыр. Сондықтан жастар көбірек ден қоятын заманауи ғылыми ашылымдар ежелгі дәуірлерден бері ұлы ойшылдарды алаңдатып келе жатқан Адам кім? Оның өмірінің мәні неде? деген сұраққа жауап бере отырып, жас ұрпақ санасына «Тірі білім» дәнін салуға қажетті алғышарт қалыптастырып отырғанын сеніммен айтуға болады. Олай болса, тілді оқытудың түпкі нәтижесі де осы мәңгілік сұраққа жауап беруге бағытталуы шарт. Адам жаратылысының сырын сезінуде тілдің рөлін тану қаншалықты маңызды болса, тіл арқылы адамның өміріне нәр беретін рухани әлемінің дамитынына оқушы назарын бұру да соншалықты мәнге ие.

Біздің ойымызша, негізгі мектепте тіл туралы бастапқы ғылыми білім дұрыс қалыптасуы үшін, тілді меңгерту мен рухани тәрбие беру өзара тығыз сабақтастықта жүзеге асу үшін тілді оқыту үдерісі Тіл мен Адамның арасындағы байланыс пен бірлікті танытуға бағытталуы керек. Ол үшін Тіл деген не? Оның адам өміріндегі рөлі қандай? деген сұрақтарға жауап беретін шынайы да түсінікті мәлеметтерден бастау шарт. Осыған дейін де, қазір де білім беру жүйесінде тілді адамнан тыс объект ретінде таныту басым да, оның әр адам үшін субъективтік мәніне көңіл бөліп оқыту назардан тыс қалып келеді. Сондықтан мектеп оқушысы түгілі, студент те, тіпті қазақ тілі мұғалімдерінің өзі де «Тіл деген не?» деген сұраққа «қарым-қатынас құралы», «ойды жарыққа шығарудың құралы» дегеннен

ары аса алмайтынын көріп жүрміз. Бірді-екілі жағдайларда «тіл – таным құралы», «тіл – ұлттың жаны», «тіл – ұлттық мұра» деген сияқты жауаптарды қанағат тұтуға тура келеді. Оның себебі үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысында (мектепте, колледжде, жоо-да, жоо-дан кейінгі білім беруде, тіпті мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру институттарында) дүниелік білімге жіті мән берілмейді. Тіл пәні де өзге пәндер секілді өзі нысанына алған ғылым саласын үстірт, жалаң ақпарат, құрғақ ережелер түрінде оқытылады деген сөз. Оның тағы бір дәлелі тілді қарым-қатынас құралы деп жауап бергеннің өзінде, оның түпкі мәнін аша алмайды. Тіл адамдар өзара пікір алмасатын құрал ғана емес, сол қарым-қатынас арқылы «бірінің қолынан келместі өзгелермен бірлесіп жасап, тіршілік етуге» мүмкіндік туғызатын ұлы дәнекер екенін түсінбейді. Өйткені оларға ондай терең білім берілген. «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады», – дейді ұлы ойшылдар (Абай, 2021).

Тілді оқытуда білімалушының құмарлығы, қызығушылығы оянбаса, ол ғылымның түбіне, хикметіне қайдан бойласын?! Қайдан мән берсін? Сондықтан тілді оқыту Адам деген кім? деген сұрақтың шешімін іздеуден басталуы шарт. Әрине, «Адам кім?» деген сұраққа әлемнің бүкіл ойшылдары жауап беруге тырысқан. Біз эксперимент барысында солардың ішінде өз топырағымыздан шыққан Ұлы Абайға жүгіндік. Абай өзінің 27-қарасөзінде адамның өзге тіршілік иелерінен ерекшелігін былайша ашып көрсетеді: «ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен сұлтан қылғаны мес пе?». Осы тұста балаларға «ғажайып ақыл», «ғажайып дене», «сұлтан» сөздерінің мағынасы мен мәні ашып көрсетілді. Біріншіден, заманауи жапон физигі Михио Каки сөзімен айтқанда, «ғажайып ақыл» адамның сырттан алынған ақпараттарды саралап талғап қабылдайтын санасымен, «болашағын болжай алуымен ерекшеленетін» ойлау қабілетімен тікелей байланысты екені түсіндірілді. «Ғажайып дене» ұғымының адам жасампаздығының басты шарты екенін дәлелдеуде адамның бойын тік ұстап тұра алуы, дүниені көзімен де, ақыл-ойымен де түгел шола алуы, ең бастысы екі қолдың ақыл ойлаған барлық дүниені жасай алуға мүмкіндік беретіні түсіндірілді. Соңында «сұлтан» сөзінің мағынасы «алдымен өзін-өзі билеуші, өз өмірінің қожасы, содан соң өзі үшін

жаратылған дүниенің иесі» дегенді білдіретіні айтылды. Оқушылармен сұқбат арқылы «қожа-сы», «иесі» сөздерінің мағынасын тауып, адам болмысы мен тіршілігінің ерекшелігіне ден қойылды. Бұл сөздердің тек «билік жүргізуші», «басқарушы», «иеленуші» деген мағынада ғана емес, ең бастысы, сол ортадағы әр ісіне жауапты, өзі үшін жаралған дүниенің бәрі үшін жауапты, бәрін қорғауға тиіс деген мағынаны білдіретіні тұжырымдалды. Ең соңында сынып «егер Адам өзінен бастап айналадағы барлық жаратылған дүниенің иесі болса, оның бойында ерекше еркіндік құқығымен бірге, өз әрекетін үнемі бақылап, қадағалап отыру міндеті де бар» деген түйінге тоқталды. Сол әрекеттің қатарында ойын, оқу, еңбек әрекеттері, адам баласы орындайтын осы әрекеттерге қатысатын, олардың барынша ұтымды және нәтижелі болуына ықпал ететін сөйлеу

әрекеті болатыны туралы түсінік берілді. Сөйлеу әрекетінің құралы Тіл екені ұғындырылды.

Одан кейінгі кезекте әлемдегі тіл саны туралы мағлұмат берілді. Бес мыңнан аса тілдің болуының себептері балалардың жасына лайық жеңіл тілмен түсіндірілді. Бұл орайда әр халықтың өз ана тілі олардың дүниені тануына және таныған нәрсесіне ат қоюына байланысты пайда болғаны айтылды. Таным әртүрлі болғаннан кейін тіл де ерекше болады, сондықтан әр халықтың тілінде жалпы көпшілікке түсінікті сөздермен қатар, тек сол халыққа ғана түсінікті этномәдени сөздердің ұлттық кодпен байланысты болатыны жайлы түсінік берілді.

Осындай жалпы ұғымдар түсіндірілгеннен кейін «Тіл деген не?» деген сұраққа бірлесе жауап бере отырып, төмендегідей диаграмма жасалды (1-сурет).



1-сурет – Тіл дегеніміз –

Диаграммада қамтылған әрбір тіркестің мағынасы ашылып отырды. Осындай жолмен бала түсінігіне сай берілген тіл туралы бастапқы білімнің тіл туралы ғылымға бастайтыны назарға алынды. Тілдің адам үшін жан-жақтан келген ақпараттарды саралап, өндеп, өз мүддесіне, қоғам мүддесіне жаратудың, жалпы дүниені, оның ішінде өзін де, басқаны да танудың, өзін өзгертерге танытудың аса маңызды құралы екенін сезіндіруге ден қойылды. Одан да маңыздырағы тіл – адамға Жаратушының берген ең ұлы сыйы, әрбір адамның тағдырының кілті екенін бала-

ның қабылдауына лайықты мысалдармен, тілдік жағдаяттармен, көркем шығармалардағы оқиғалармен байланыстыра отырып, өзіндік ой қорытып, түйсінуіне жол ашылды.

Екіншіден, соңғы онжылдықтарда «тірі білім» термині (концепт, ұғым) әртүрлі ғылым салаларында кеңінен қолданыла бастады. Психологияда, психофизиологияда, нейроғылымда, білім беруді гуманитарландыру, білім берудің психологиялық аспектілерін күшейту және т.б. мәселелер бойынша жүргізілген зерттеулерде бұл термин ішінара ұшырасып қалады. Әсіресе,

соңғы жылдардағы ғылыми, діни білімдердің синтезінде бұл ұғым жиі қолданыла бастады. Сонымен бірге осы бағыттағы жаңа ғылым салалары пайда болды. Мысалы, бүкіл жаратылыстың «жаны, психикасы бар, олар үйлесімде өмір сүреді» деген тұжырымды негіз етіп алатын панпсихизм нейроғылымда да кең қолданысқа ене бастады. Панпсихизм қағидалары санаға қатысты жаңа үш нейробиологиялық теорияға сүйенеді. Олар: *қайта өңдеу* теориясы (Local Recurrence Theory), *динамикалық ядро* теориясы (Reentrant Dynamic Core Theory), сондай-ақ, аса көрнекті заманауи нейробиолог-ғалым Джулио Тонони негіздеген *интеграцияланған ақпарат теориясы*. Бұл теориялар адам санасы сырттан келіп түскен ақпараттарды өңдеп, өзіне сіңіру арқылы ғана қалыптасады деген ұстанымға негізделді. Сондықтан да Кристоф Кох «Дж. Тонони ХХІ ғасырдағы панпсихизмнің ғылыми дәйегі айқын, әрекетке қабілетті, болжамдық қуаты мықты және математикалық тұрғыдан дәл формасын ұсынды. Бұл – ежелгі дәуірлерден келе жатқан Тән мен Жан мәселесін ғылыми тұрғыдан тиянақтаудағы теңдесі жоқ қадам» деп бағалады (2013: 17).

Заманауи ғалымдардың жоғарыда аталған теориясы А.Байтұрсынұлының тек тілді ғана емес, бүкіл мектеп пәндерін оқыту әдістемесін жетілдірудің тұғыры болар бір шартымен толық үндесетіні аңғарылды. Ғалым білім берудің бір шарты ретінде «балаға көп үйретем деп шалашарпы үйретуден аз да болса, анықтап нық үйреткен абзал» екенін айтқан болатын. Ғалымның бұл байламы физиканың «тербеліс толқыны неғұрлым қысқа, бірақ жиі болса, Сәуле жарығырақ болады» деген заңымен сәйкес келеді. Яғни балаға берілетін білім неғұрлым жинақы, бірақ беретін ақпараты мәнді, нақты ОЙға құрылса, оның танымға да әсері молырақ болып, сананы сәулелендіре түсетіні кәміл. Сондықтан кез келген білім ғалам туралы үлкен ұғымның кішкентай бөлшектері түрінде игерілуі тиіс.

Әр бөлшекке үңіліп, түсініп қараған кезде ғана бала үлкен Жаратылыстың «сырын» тануға қарай қадам басады. Мысалы, тілді оқыту үдерісінде тілдік ұғымдарды ақпарат түрінде меңгерту бар да, берілетін білімнің мәні мен маңызын ашып, қажетіне көз жеткізіп беру бар.

Білім алушылардың тіл туралы дүниетанымын қалыптастырудың, функционалдық сауаттылығын жетілдірудің кепілі – меңгерген білімнің өз тіршілігі үшін маңызын түсінуі (Дәулетбекова, 2023: 180). Мәні мен маңызын түсін-

ген кезде ғана бала оны мүлде басқа «қырынан» көреді, өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды. Ендігі жерде тіл пәні ол үшін жекелеген ережелердің жиынтығы емес, өзі күнделікті қолданып жүрген Тілдің адам баласының Тұлға болып қалыптасуындағы ең құнды дүние екенін түйсінуіне әкелетін лингвистикалық дүниетанымның бастау көзіне айналады.

Мысалы, «Фонетика» саласын оқытудағы бір ғана кіріспе сабақты осы мақсатта оқытудың жолын қарайық. Алдымен, тіл саласына қатысты бірінші сабақ «Фонетика» терминіне мән бере оқытудан басталуы тиіс. Оқулықтағы «Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым» деген сөйлем балаға тек ақпарат береді. Осы білім балаға жақындатып, теориялық ұғымға «жан беру» үшін ғалым Құдайберген Жұбановтың «Фонетика – дыбыстау туралы ғылым» деген ақпаратымен толықтырылды (2017: 114). Әрине, түсінген адамға бұл екі ережеде, аспан мен жердей айырмашылық бар: алғашқысында тіл дыбысы статикалық сипатта, адамнан тысқары объект болып тұр да, ал екінші ереже бойынша тіл дыбыстары адам әрекетіне айналып, динамикалық сипатқа ие болды. Екінші ережені негізге алып оқытқанда, балалар фонетика саласын оқи отырып, өздерінің тілдегі дыбыстарды дұрыс қолдану жолдарын үйренетіні туралы алдын-ала ақпарат алды. Ал, енді дәл осы терминнің мағынасын одан да әрі таратылып айтылса, ол мүлде жаңа деңгейдегі, «жанды білімге» айналады. Бұл орайда «Мән бере оқыту технологиясының» бір стратегиясы «Терминге мән бере оқыту» амалы қолданылды. Ең алдымен, терминнің құрылымына назар аударылды: «Фонетика» сөзінің түбіріндегі – «фон» тағы қандай сөздерде қолданылатыны балалармен бірге талқыланды. Олар «теле+фон», граммо+фон, фоно+грамма секілді сөздерді айтты. Келесі кезекте аталған заттар қайда және не үшін қолданылатынына мән беріледі. Телефон – қашықтықтан сөйлесу үшін дауыстап сөйлесу үшін немесе дауыс арқылы хабарлама беру үшін қолданылады. Граммофон – күйтабаққа дыбысталып жазылған сөзді немесе әнді тыңдау үшін қолданылатын құрылғы. Фонограмма – дыбыстарды жазу, қайта өңдеу үшін қолданылатын аспап. Осы аталған аспаптардың бәрі де дыбысқа, дыбыстауға қатысты екеніне және барлығының құрамында «фон» сөзі қолданылып тұрғанына назар аударылды. Соңында термин құрамындағы «фон» сөзі «дыбыс» деген мағынан білдіретіні тұжырымдалды.

Келесі кезекте терминнің екінші бөлігіндегі «тика» сөзінің қандай сөздерде қолданылатыны сұралды. Оның «косме+тика», «грамма+тика», «анали-тика» секілді сөздердің құрамында бар екені анықталады. Грек тілінен енген бұл сөздердің мағынасы ашылды: «косме+тика» (әдемілеу, әрлеу + өнері), «грамма+тика» (оқу, жазу + өнері), «анали-тика» (талдау + өнері). Оқушылар осылай талдау нәтижесінде «тика» сөзінің мағынасы «өнер» екенін білді. Соңында оқушылар өздері «Фон+е+тика», яғни «Фонетика – дыбыстау өнері туралы ғылым» деген түйінді ережені шығарды. Бұл жерде балаға берілген «тірі білім»: бала, біріншіден, «фонетика» терминінің жасалу жолын білді (фон+е+тика деген екі сөздің бірігуінен жасалған, ортадағы е – дәнекер дыбыс); екіншіден, ғылым саласының атауы оның адам үшін атқаратын қызметімен байланысты қойылғанын түсінді. Үшіншіден, дыбыстау өнерінің тек ауызша тілге ғана емес, жазу сауаттылығына да әсері болатынын бағамдады. Өйткені мұғалімнің көмегімен балалар ауызша тілде дыбыс қандай рөл атқарса, жазбаша тілде сол дыбыстың жазу таңбасы болып саналатын әріптің де үлкен қызмет атқаратынын түсінді. Төртіншіден, нақты бір ұғымды атайтын сөздің ішкі мазмұны, жаны – оның мағынасы болса, сөздің сыртқы формасы, тәні – дыбыс/әріп екенін ажыратты. Бесіншіден, дыбыс пен әріптің өзара тығыз қатынастағы, бірақ өздеріне тән айрықша белгілері бар ұғымдар екенін пайымдады. Алтыншыдан, фонетиканы оқу арқылы сөздерді сауатты дыбыстауды, дұрыс және әдемі, биік талғамға сай қатесіз, сауатты жазу өнерін меңгеруім керек деген мотивациясы оянды. Ең бастысы, бұл бағыттағы Мұғалім-Оқушы тандемінде жүргізілген тапсырмалар мен жаттығулар баланың сауатты сөйлеудің, сауатты жазудың адам өміріндегі мәнін түсінуіне жалғасты. Өмірлік жағдаяттарға құрылған жұптық, топтық жұмыстарды орындау барысында білімалушы сауатты тіл өзінің өмірінде, болашақтағы кәсіби мансап жолында шешуші рөл атқаратынын түйсінді. Осылайша, түпкі нәтижесінде тіл арқылы адамның тағдыры шешілетінін бағамдады. Ары қарай мұғалім, әлемде бес мыңнан аса тіл болса, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болатынын, сондықтан әр тілдің сөздерді дұрыс айту, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыратын нақты бір нормалары болатынын басқа тілдермен салыстыра отырып, түсіндірді.

Әдебиеттерге шолу

Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімі әр адам өзін қоршаған дүниенің мәнісін білсе, онымен қалай үндесімде жұмыс жасаудың әдісін де біледі деген тұжырымға негізделген. Бұдан шығатын түйін: егер бала жасынан дүниенің мәнісін білуге талаптанса, оған шын қызықса, онда ол ғылымға қарай қадам басады деген сөз. Олай болса, оқу мекемесінде берілетін білімнің қызметі – ғылымға апарар баспалдақ қалау. Бір қарағанда, бұл сөз пафосты болып көрінуі мүмкін. Тек назар аударатын мәселе – бұл жердегі «ғылым» құпиясын тереңге бүккен, кез келген адам бойлай алмайтын әлдебір жұмбақ дүние емес. Ғылым – Адам мен Әлемнің байланысын тану жолы, әркім өзінің «МЕН»-ін табу мүмкіндігі. Бұл туралы Абай осыдан бір жарым ғасыр бұрын былай дейді: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп...» (2021: 131). Ал, Ақыметтің жастарды өмірге баули оқыту керек деген ұстанымын жүзеге асырудың тетігі ретінде ұсынып отырған «Мәніс білімі» осы көзбен көрген, ақылмен білген нәрсенің түпкі мәніне бойлауға үйрету қажеттігін меңзеп тұр. Ғұлама «Мәнісін білмеген әдісін де білмейді» деген аталы сөздің төркініндегі ойды «аршып», оны ғылымиландырған. Өзі айтқандай, таным негізін, өмір түйінін халықтың өз тәжірибесімен жинаған «білім сабасынан» тауып, оған «жаңа өмір» сыйлаған. Сонымен қатар, осы ғылыми байламы арқылы ғылымның адамнан тыс немесе қол жетпейтін дүние емес екенін ұғындыра алған. Есте тұтатын нәрсе: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» (Абай, 2021). Әйтсе де, жаратылыстан берілген таным мүмкіндіктерін пайдалана білген жан өзін қоршаған әлемге сезім көзімен қараса, Ғаламның «сырын» тани бастайды. Сол «сырдың» кілті – ғылым. Ғылым – ақылмен біліп, көзбен көргенінің түбіне бойлай қарау, сезіну, түйсіну жолымен бойға даритын, санасын өсіретін, өміртанымын өзгертетін, сөйтіп, АДАМ екенін сезіндіретін жол.

Арада бір жарым ғасыр өткеннен кейін Стивен Хокинг бүкіл дүниенің жаратылысын соншалықты тереңдікпен һәм қарапайым тілмен жеткізді. Ол: «ғылым – тереңіне тек таңдаулы адамдар ғана жете алатын абстрактілі, ақылға қонбайтын, құпия материя емес, кез-келген ын-

тасы бар адам ұғына алатын, түсінуге жеңіл, қызықты шындық» екенін әлемге түсіндірді (2021).

Америкалық физик-теоретик, кванттық электродинамика негіздерін қалаушылардың бірі, физика бойынша Нобель сыйлығының иегері, функционалды интеграцияның жаңа әдістерін, Квантты құйын теориясын және нуклонның партонды үлгісін ғана емес, «ғалым-қоғам» байланысының түбегейлі жаңа қарым-қатынасының үлгісін ұсынған Ричард Фейнманның сөзі оқулық жазатын әрбір ғалым мен мұғалымның міндетін айқындап тұр. Зерттеуші: «Егер сіз кванттық физикамен айналысып жүрген ғалым болсаңыз, бірақ сол айналысып жүрген нәрсеңізді бес жасар балаға екі ауыз сөзбен түсіндіріп бере алмасаңыз, онда сіз – дүмшесіз,» – дейді. (Фейнман, 2011). Осылайша, Р. Фейнман әріптестері мен өзі үшін ғылымды түсіндірудің талабы мен формуласын енгізген. Онда кейбіреулер айтып жүргендей, тірі білім беру – қияли дүние емес, барынды дұрыс, сауатты жеткізе алуыңа байланысты. Егер Фейнман айтқандай, кванттық физика секілді күрделі ғылымды екі ауыз сөзге сыйғыза алмау дүмшеліктің белгісі болса, онда бала өзі күн сайын қолданып жүрген өз тілінің «күпиясын» таныта алмау не болғаны?!

Қазіргі кванттық физикада толқын мен бөлшек қасиеттері бір мезетте бір жүйеде қатар көрініс табады және олар бір-біріне ықпал ете отырып, таным процесінің күрделі табиғатын айғақтайды. Яғни, бұл дуализм – классикалық түсіндіруге бағынбайтын, бірақ кванттық танымның негізінде жатқан бірегей құбылыс (Aiello, 2023). Осы тұрғыдан алғанда, кванттық деңгейдегі таным ерекшеліктері мен ғылымды түсіндірудегі қарапайымдылық принципі білім беру үдерісінде күрделі ұғымдарды жас ерекшелігіне сай меңгертудің өзекті әдістемелік қағидасына айналуы тиіс.

Жаңа дәуірдегі қос ғалымның ғылымға қатысты айтқан уәждері ешуақытта ғылымды күрделендірудің қажеті жоғын, керісінше, оны барынша түсінікті етіп жеткізудің маңыздылығын танытады. Бұл пікірлер мектепте ғылым негіздері оқу пәні мазмұнында (5-9-сыныптарда) қамтылып оқытылатындықтан, ғылым туралы алғашқы түсініктерді білімалушының жас ерекшелігіне қарай қызығушылық тудыра отырып меңгерту жолын табу қажеттігін айқындайды. Олай болса, тілге қатысты білім тіл туралы ғылымға бастайтын, тіл туралы ғылым адамзат тіршілігіндегі тілдің рөлін тануға тірек болатын,

сөйтіп, адамзаттың өміріндегі тілдің рөлін түсіну біртіндеп Адам мен Ғалам байланысына апаратын таным баспалдақтарына айналу жолын негіздеп, жүзеге асыру – заманауи әдістеме ғылымының алдындағы басты міндет.

«Тірі білімнің» бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесіне айналып отырғанының себебі осы бағыттағы бірнеше факторлармен ұштасып жатыр. Бірінші фактор – жаһандану үдерісіндегі технологиялардың қарыштап дамуы. Бүгінде қуатты телескоптардың көмегімен ғалымдар аспан әлеміндегі құбылыстарды жан-жақты зерттей бастады. Технологиялық серпілістер бұрын жекелеген ғалымдар ішкі түйсікпен сезінген, сырттай бақылау нәтижелеріне ғана сүйеніп болжаған дүниелерді дәлелдеп отыр. Егер «тірі білім» философиялық тұрғыдан қарағанда «қайта жанданатын идея» деп саналса, ғылымдағы жаңалықтар сол идеяның «жаңғырып» нығаюына жол ашуда. Шын мәнінде, жаңа теориялар белгілі объектілер туралы бар білімді байытып, жаңа көкжиектердің ашылуына ықпал етуде. Қазіргі заман астрофизиктері жұлдыздардың, галактикалардың пайда болуы мен эволюциясын қарастырумен қатар, бұл саладағы жаңа құбылыстарды зерттеу үшін галактикалардың пайда болу механизмдерін, олардың арасындағы өзара әрекеттесулерді «жаңа қырынан» талдап, сол өзара әрекеттесудің «сырын» ашты. Ол үшін әлемдік жүйенің мінсіз қозғалысына қатысатын әрбір нысанның рөлін де зерделей бастады. Мысалы, Болон университетінің профессоры, астрофизик Б.Франко ғаламның даму заңдылықтары туралы ілімді адам миының қызметімен байланыстыра отырып, одан әрі дамытты. Ол нейробиология ғылымының жетістігі саналатын адам миы нейрондары мен ғарыштағы «өрмектің» қызмет ету жүйесінің моделін салыстырып, олардың арасында айнақатесіз ұқсастық барын дәлелдеді. Адам миындағы жүз миллиард нейронның әрбірінің өзге нейрондармен байланыс жасауы арқылы жүз триллионнан аса қызмет атқару қабілеті мен ғаламның шексіз һәм мінсіз қозғалысының арасындағы тығыз сабақтастық бар екенін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Сөйтіп, көне дәуірде Пифагор мен Платон болжаған бүкіл жаратылысты реттеп отыратын «математикалық үндесімнің» растығын дәйектеді. Ал, енді осы ойдың дәні тағы да Абайдың қарасөздерінде тармақ-тармақ болып бекігенін көреміз. Абай: «Жаратушы ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде», «Ғалам – күдіретті мойындататын мінсіз жаратылыс»; «Ғылым мен Күдірет – сегіз сипаттың

бірі», «Ғылым – Алла тағаланы тану, өзін тану, дүниені тану», – дейді (2024: 132).

«Әлемнің Ұстазы» әл-Фарабидің философиялық қағидаларында адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу мәселесіне айрықша назар аударылып отырған. Өзін тану үдерісін бірнеше аспектіде, атап айтқанда, логикалық, этикалық, педагогикалық, тілдік тұрғыдан қатар қарастыруға мән берген.

Ғалым адам бойындағы сезім мен ойлауды дамыту үшін білім арқылы берілетін тәрбиенің өзектілігін ашып көрсеткен. Білім мен тәрбие ұштасқанда ғана адам әрекетінің ізгілендірілетінін бекіткен. Ізгі білім арқылы адамгершілік қасиеттердің қалыптасатынын пайымдаған. Жандүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Әл-Фараби «мінез-күлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейтіндігін» ескертеді. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өздері көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. «Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі» деп түйін жасайды (2023: 14).

Білімнің өзі адамды жануардан ерекшелендіреді. Баласағұни сондықтан да білімсіз адамдар малға ұқсайды дегенді айтады. Ол білімділікті қаншалықты жоғары бағаласа да, оның жазбаларынан «жазылған нәрсеге үміт артпа, өзін күшжігер таныт» дегенді кездестіреміз. Баласағұни үшін философия білім алу немесе өздігінен білім алу процесімен пара-пар, ал неғұрлым кең мағынасында ол білім берумен үйлеспейтін, бірақ оның мәні болып табылатын нәрсе. Бұл жерде «өте мәнді сәтті» атап көрсету маңызды, Әл-Фараби салған дәстүрден кейін іле-шала Баласағұни философиясында білім алу әлеуметтік-мәдени процесс ретінде ғана емес, сондай-ақ дүние құрушылықтың әмбебап ұстанымы ретінде де бой көрсетеді. Сондықтан да білім беру мен оқытудың реттілігін, іргетастық онтологиялық қатынастарға сәйкес, оқушылардың оларды оқып-үйренуінің субъективтік реттілігіне сәйкес келтіреді. Оның сенімі бойынша, «ғылым мен зерде – барлық істердің негізі», «білімсіз зерде де, сөз де құнарсыз» (Баласағұн, 2006: 325).

А. Құнанбайұлы тұлғаның өзіндік сана-сезімді дамытуда өз бетімен жан-жақты білім алуға шақырады. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі

жаққа үңілдім...», – деп ескертуінде мәні терең сыр жатыр (2020: 180). Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет.

Франк өзінің «Тірі білім» кітабында тірі психологиялық білім туралы айтты. Тірі білімнің басты белгісі – ашықтығы мен толық айтып жеткізуге болмайтындығында деп көрсетті. «Олар ғылым мен өнердің байланысына құрылады. Өнер жансыз және, әсіресе, жанды нәрселерді тану жағынан ғылымнан жүздеген жылға алға озып отырады. Өнер жаңа бір білімдерді туғызады. Ғылым болса, жаратылысты іштей бөлшектеп, оларды қайта бірікпестей етіп ұсақтатып жібереді де, оның біртұтастығын мансұқтайды. Әсіресе, адамға тән дүниелерді шашыратып тастады. Өнер болса, әлемнің тұтастығын сақтайды. Ғылымға оның бүтін бітім екенін танытуға тырысады» (Frank, 1923: 16).

Үшіншіден, философияда экзистенциализм бағыты өрістеп дами бастады. Экзистенциализмнің негізгі өкілдері: М. Хайдеггер, К. Ясперс, Н.А. Бердяев, Ж.П. Сартр, Г. Марсель, А. Камю. «Экзистенция» ұғымы (лат. *exsistentia* – «өмір сүру») ерекше рөл атқарады, ол барлық философиялық қағидалардың бастапқы негізін құрайды. Экзистенциализмнің бастапқы негізі – жеке адамның өмір сүруі, оның көңіл-күйі, сезімі, ішкі талпынысы, яғни психикалық сезім құбылыстарының жиынтығы арқылы көрінетін субъектінің өмір сүруі. Демек, бұл бағыттың мақсаты адам өмірінің мәнін, экзистенциясының мәнін ашу. Адам өз болмысының мәнін түсіну арқылы ғана өзінен тыс сыртқы дүниеде не бар екені жайында пікір айта алады» (Абдрасилова, 2021: 7). Шындығында да, кез келген адам өзінің не үшін өмір сүретінінің мәнін түсінбесе, белгісіздікте ғұмыр кешеді, үнемі шешімін таба алмайтын кедергілер мен сұрақтарға тап болады. Тіпті отбасынан, мектептен алған жақсы тәрбиенің ықпалымен өз тіршілігінде моральдік тұрғыдан ауытқушылыққа жол бермесе де, осынау шексіз әлемдегі өз миссиясын түсінбейді. Оның үстіне соңғы ғасырда технократия басымдық алып, қоғам техногенді, өндірістік жетістіктерді ғана мұрат тұтып, адамгершілік қағидаттары ұмытыла бастағаны ақиқат. Сондай-ақ, жаһанданумен бірге келген ақпараттар тасқынының арасында «сана сүзгісі» (бұл сүзгі дәл осы өмір-

дің мәнін түсіну нәтижесінде ғана қалыптасады) жетілмеген жастар бей-берекеттік пен тәртіпсіздік өріс алған «хаоста» жұтылып кетеді.

«Аспан мен табиғат тәуелділікте» болатын Алғашқы бастама – бұл Өмір. Бірақ қандай өмір? – Біз үшін қысқа ғана уақытқа берілген, – ерекше кемелдікке жеткен өмір. Бұл – таза мағынадағы Өмір, онда пайымдау белсенді жүреді. Жоғарғы деңгейдегі сезімдер мен танымдар адамға рақат береді, өзекті болғандықтан, үміт пен тәтті естеліктер береді. Алайда мұндай бақытты күйді адам анда-санда бастан кешіреді. Сонымен бірге бақытты сезіну – өмірдің мәнін сезінудің факторы. Себебі саналы танымның белсенділігі мәнді өмір сүруге ұмтылдырады, яғни мотивацияны арттырады.

Адамның пайымдаушылық белсенділігі – бұл «ой туралы ойлау». Онда түсінік пен түсінуге келетін ұғым бірігеді. Интеллект түсінуге келетін ұғымдарды субстанцияға біріктіре алады, ол пайымға ие болу актісі. «Тірі білім» идеясының гносеологиялық тұрғыдан талдануы білім алушының танымдық ізденістерімен сабақтастықта жүргізілуі шарт. Сол кезде білім мен шындықтың қатынасын, оның тұлға мәдениетін қалыптастырудағы орнын, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін өзара бірлікте тану мүмкін болады.

Антикалық дәуірден классикалық кезеңге дейінгі аралықта батыс философиясы тарихында тірі білімге ден қойған ойшылдар болған. Л. Франктің пайымдауынша, олардың қатарына Гераклит, Платон, соңғы кезеңдердегі Плотин, Августин, Николай Кузанский, Лейбниц, Фихте мен Шеллинг, сонымен қатар Якоби мен Гёте кіреді. Осы бағыттағы айтылған идеялар Г. Риккерттің, Ф. Брентано, В. Дильтея, А. Бергсон, О. Шпенглер және т.б. зерттеушілерге де тән. Ал, Т. Кудряшова «тірі білім туралы идеялардың жандануы, оған ерекше мән берілген кезеңі, негізінен, алдымен И.В. Киреевский мен А.С. Хомяковтың; сәл кейінірек С.Л. Франк, Г.Г. Шпет, Н.О. Лосский, А.Ф. Лосев секілді ғалымдардың еңбектерімен тікелей байланысты» екенін айтады (Кудряшова, 2007: 101).

Сонымен, тірі білім – «әртүрлі білімдердің өзара бірлікте гүлденуі». Сондықтан әлем ойшылдарының төмендегі тұжырымдары «тірі білімнің мынадай ажырамас бірліктерін тануға мүмкіндік береді:

1) білімге дейінгі білім (білімнің таңба алдындағы формалары, дүниетаным, дүниенің

концептуалды емес бейнелері, бейсаналық жалпылаулар мен қорытындылар, есте сақтау-әдет, «жанның жадысы», операциялық және объективті мағыналар, шығу тегі белгісіз күнделікті ұғымдар және т.б.), яғни «жасырын/имплицитті/білім» (М. Полань);

2) білім сипаттары (институционалдық білім беру жүйелерінде, ғылымда бар білімнің түрлері)

3) білім туралы білім (білімнің өзара қиюласқан/шағылысқан түрлері: «Мен осында тұрмын және басқаша істей алмаймын» (М. Лютер); немесе «білетін білім» (И.Г. Фихте);

4) өзінің білмейтінін білмеу (Я. Коменский)- бұл – немқұрайдылықтың, ақылсыздықтың, менмендіктің көзі;

5) білмейтіні туралы білім (тартымды, шақырушы күш: «Мен ештеңе білмейтінімді ғана білемін» (Сократ), Тірі білім – «білімге күштарлықтың қайнары, даналықтың бастауы» (Я. Коменский);

6) білудің ерекше түрі – ол – жұмбақ/құпия: Құпиялылық – білімнің ерекше түрі: «Құпия – кейбір білімді білмеу туралы білім, дәлірек айтсақ, жұмбақтық – кейбір білімді білмеудің эмоционалды тәжірибесі» (К. Пигров).

Нәтижелер мен талқылау


Міне, осылай бала ұғымына шақтап отырып, берілетін жеке ұғымдардың, шын мәнінде «ғылымға бастайтын баспалдақтарға» айналуы оқыту шеберлігіне байланысты. Тілді оқыту үдерісінде әр сала атауына айналған терминнің мағынасын ашудан бастап түсіндіру балаға саналы білім берудің бірден-бір алғышарты болып саналады. Осыған дағдыланған білімалушы ендігі жерде термин атауына мән беру арқылы өздігінен білім игеруге төселеді. Сондықтан фонетика саласына қатысты «дауысты дыбыс», «дауыссыз дыбыс», «үндестік заңы», «қатаң дауыссыз» немесе «ашық дауысты дыбыс» және т.б. ұғымдарды түйсініп, сезініп меңгереді деген сөз.

Ғаламның өзі саналы, сол себепті Адам санасы іргелі бөлшектердің санасынан емес, Әлемнің өзінен туындайды деген ұстанымды алға шығаратын космопсихизмнің дамуы да «Тірі білім» ілімінің қағидаларын оқыту үдерісіне батыл енгізуді қажет етіп отыр. Өйткені «Тірі білімге» ие болған адам өзінің шексіз Жаратылыстың соншама нәзік, бірақ соншама күдіретке ие жасампаз бөлшегі екенін түсінеді және сол миссия-


сын орындауға талпынады. Сол себепті мектеп жасынан балаға оқытылатын әрбір пән мазмұны күрделі теориялармен емес, оның қабылдауына лайықты, жасы мен психикалық ерекшеліктеріне сай ұсынылуы шарт. Сонда ғана оқушылардың тірі білім алуға мүмкіндігі артады, ал тірі білім олардың өміріндегі тілдің рөлін тануына,

оны ғылым мен өнердің тоғысындағы ұлы күш екеінін сезінуіне жол ашады.

Қазақ тілі сабақтарында «Тіл» феноменіне қатысты, «фонетика» терминіне байланысты берілген білімнің нәтижелері ғылыми ұғымдарды «Тірі білім» контекстінде оқытудың нәтижелері жоғары болатындығын көрсетті (2, 3-сурет)



2-сурет – Оқушылардың тіл туралы ұғымдарының даму көрсеткіші



3-сурет – Оқушылардың фонетика бойынша «тірі білім» алу деңгейлерінің көрсеткіштері

Қорытынды

Қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі сатысы болып саналатын 5–9-сыныптарда оқушыларға тіл білімінің теориялық негіздері мен тілдік салаларды жүйелі меңгерту – олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың, сондай-ақ функционалдық сауаттылығын арттырудың алғышарты. Бұл кезең – тек білім беру мазмұнын ақпараттық деңгейде игеру емес, тұлғаның ішкі таным белсенділігін оятатын, тілдің мәні мен маңызын ұғынуға жетелейтін өзекті кезең. Сондықтан қазақ тілін ана тілі ретінде оқытудың мазмұны білім алушының тұлғалық, әлеуметтік, мәдени дамуына ықпал ететіндей, құндылықтық және экзистенциалдық бағдарда жүзеге асырылуы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы негіздеген «Тірі білім» ілімі – оқытудың мазмұнын мәнге, ақпаратты әрекетке, білімді рухани-танымдық әлеуетке айналдыратын пәрменді педагогикалық ұстаным. «Мәніс білім» мен «әдіс білім» ұғымдары – тіл мен өмірдің, таным мен болмыстың арасындағы үйлесімді байланысты орнықтыратын, білім беру

жүйесін адамтану философиясымен ұштастыратын іргелі негіз. Бұл тұжырым қазіргі заманғы астрофизика, кванттық физика, нейробиология, когнитивтік лингвистика сынды ғылым салаларындағы таным теорияларымен де өзектесіп, пәнаралық білім беру парадигмасына етене ықпалдасады.

Сондықтан қазіргі қазақ тілі пәні тек тілдік құрылымды танытумен шектелмей, оқушының өзін, өз орнын, қоғам мен ғаламдағы байланысын тануына жол ашатын рухани-танымдық кеңістікке айналуы қажет. Бұл ретте «тірі білім» – тілдік білім берудің философиялық-методологиялық негізі ретінде танылып, тілдік ұғымдарды өмірлік тәжірибемен, дүниетаныммен, ұлттық кодпен ұштастыра оқытудың заманауи үлгісін қалыптастырады.

Осылайша, тіл пәнінің мазмұнына тірі білім беру ұстанымдарын енгізу арқылы қазақ тілін оқыту үдерісі мәнді, құндылықты, өмірмен байланысқан танымдық кеңістікке ұласады. Бұл бағыт орта білім беру жүйесін жаңғыртуда, ұлттық білім берудің ішкі логикасын сақтай отырып, ғаламдық ғылыми үрдістермен ұштастыра дамытудың негізі болмақ.

Мақала ЖТН АР19676778 «Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясы: тілді оқытудың концептуалдық бағыты» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

References

- Abai. (2020). Oleńder, audarmalar, poemálar [Poems, translations, poems]. Almaty. Atamura. (in Kazakh)
- Abai. (2024). Karasozder [Words of edification]. Almaty. Atamura. (in Kazakh)
- Abdrasilova, G.Z. (2021). Ekzistentsializm – rukhani qaishylyqtar filosofiýasy [Existentialism as a philosophy of spiritual contradictions]. Tanyim. [Electronic resource]. URL: <https://tanyim.kz> (Date of use: 18.12.2024) (in Kazakh)
- Aiello, A. (2023). A probabilistic view of wave-particle duality for single photons. Quantum, 7, Article 1135. <https://doi.org/10.22331/q-2023-10-11-1135>
- Al-Farabi. (2023). Áleýmettik-etikalyq traktattar [Social and ethical treatises]. Almaty. Ğylym. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2013). Til–qural (Qazaq tili men oqw-aǵartwǵa qatıstı eńbekteri) [Language tool: Works on the Kazakh language and education]. In Alty tomдық shyǵarmalar jınaǵy (Vol. 3, pp. 1–384). Almaty. El-shezhire. (in Kazakh)
- Balasaguni, Z. (2006). Qutty bilik [Kutadgu Bilig] (A. Egeubai, Trans.). Almaty. Olke. (in Kazakh)
- Dauletbekova, Zh.T. (2023). A. Baitursynuly's "Living Knowledge" theory as the basis for worldview formation in language teaching. Bulletin of the KazNU. Philology Series, Vol. 3 (191), 179–184. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v191.i3.ph17>
- Feynman, R.P., Leighton, R.B., Sands, M. (2011). The Feynman Lectures on Physics: Volume III – Quantum Mechanics. California Institute of Technology. [Electronic resource]. URL: <https://www.feynmanlectures.caltech.edu/>
- Frank, S.L. (1923). Zhivoe znanie [Living knowledge]. Moscow: Obelisk. (in Russian)
- Kristof, K. (2013). Zhizn': Nevidimye zakony real'nosti [Life: The invisible laws of reality]. Moscow. (in Russian)
- Kudryashova, T.B. (2007). Sovremennaya teoriya poznaniya v sofilologicheskoy kontekste [Modern epistemology in a philological context]. Moscow. (in Russian)
- Smkz.kz. (n.d.). Ğylymdy qyzyqty etken adamdar [People who made science interesting]. [Electronic resource]. URL: <https://smkz.kz/kk/%D2%93ylymdy-%D2%9Bty-etken-adamdar> (Date of use: 18.05.2024) (in Kazakh)
- Zhubanov, Q. (2017). Til turaly zertteýler [Studies on language]. Almaty. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Рай Қайрат – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Тазабек Алиса Каналбекқызы – PhD докторант, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан, e-mail: alisa_tazabek@mail.ru);

Сейітова Багдагуль Балтабекқызы – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru).

Сведения об авторах:

Даулетбекова Жанат Турарбековна – доктор педагогических наук, Казахстанско-Британский технический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Рай Кайрат – кандидат филологических наук, Казахстанско-Британский технический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Тазабек Алиса Каналбековна – докторант PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясауи (Туркестан, Казахстан, e-mail: alisa_tazabek@mail.ru);

Сейитова Багдагуль Балтабековна – докторант PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru).

Information about authors:

Dauletbekova Zhanat Turarbekovna – doctor of Pedagogical Sciences, Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Rai Kairat – candidate of philological Sciences, Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru);

Tazabek Alisa Kanalbekovna – PhD student, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university (Kazakhstan, Turkestan, e-mail: alisa_tazabek@mail.ru);

Seitova Bagdagul Baltabekovna – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru).

Келін түсті: 7 мамыр 2025 жыл
Қабылданды: 11 маусым 2025 жыл